

Пикет елді мекенінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Қарағанды облысының Шет ауданы Красная поляна ауылдық округінің әкімінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қаңтарда № 3633 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес, Красная поляна ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ірі қара малдың ауруына байланысты (бруцеллез) Пикет елді мекенінің аумағында бруцеллез бойынша шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Н. Токушев